



## 16 желтоқсан-Тәуелсіздік күні



### Құттықтау!

### Асқақ армандар мен қайсар рухымыздың жемісі

#### Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді 16 желтоқсан-Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Желтоқсанның екпінімен келген бұл күн ата-бабамыздың арманы орындалып, тәуелсіздік жолындағы халқымыздың тарихи еңбегінің символы болып қала береді. Тарихы тереңде жатқан еліміздің жаңа заманда өз алдына қайта егеменді ел болған күні. Тұрақтылықты, татулық пен тыныштықты ту еткен қазақ елін, бүкіл әлем бейбітшіліктің бесігі деп біледі. Бөреке мен бірлікті мұрат тұтқан еліміздің аз ғана уақытта жеткен жетістіктері орасан. Шекарамыз мығым, іргеміз берік, экономикамыз еңселі әлем мойындаған беделді елге айналдық. Бұның барлығы қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Тәуелсіздік жылдарымен қатар түлеген ауданымызда дамудың даңғыл жолына түсті. Кешенді түрде дамып, халықтың әл-ауқатын қамтамасыз етуде аса зор жетістіктерге қол жеткізді.

#### Қадірлі жерлестер!

Еліміздің егемендігі, еркіндігі мен азаттығы жасай берсін. Тәуелсіздігіміз баянды, көк байрағымыз мәңгілік биіктей берсін. Осынау мерекеде әрбір отбасыға амандық, саулық, бақыт пен шаттық тілейміз.

**М.ТҰРЫСБЕКОВ,**  
Аудан әкімі.  
**О.ЖӘМИЕВ,**  
Аудандық мәслихат төрағасы.

## Босаңсуға, жетістіктерге тоқмейілсуге болмайды

Елімізде IT секторы қарқынды дамып жатыр. Озық мемлекеттер экономикасындағы бұл саланың үлесі жыл сайын ұлғайып келеді. Былтыр отандық IT индустрия экспорты бес есе өсті.

«Мен экспорт көлемін 2026 жылға қарай бір миллиард долларға жеткізу міндетін жүктедім. Біз ірі өнеркәсіптік өндірістен бастап, шағын сервистік жобаларға дейінгі экономиканың барлық саласын одан әрі цифрландыруға баса мән береміз. Бірақ босаңсуға, жетістіктерге тоқмейілсуге болмайды», дейді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша еліміз жаһандық цифрлық технология орталығы ретіндегі орнын нығайтуы керек.

«Қазақстан ірі халықаралық IT компаниялардың кеңселері орналасатын



аумақ бола алады және болуға тиіс. Мұның бәрі – біздің жұмысымыздың міндеттері мен нақты нәтижелерінің аз ғана бөлігі. Барлық саладағы өзгерістердің қарқынын арттырып, одан әрі дамыта беруге міндеттіміз. Түрлі салада қордаланған проблемалар аз емес. Бұл жағдайға азаматтардың алаңдауы – заңдылық. Үкіметтің күн сайынғы және жүйелі жұмыстарының нәтижесінде барлық өзекті мәселе біртіндеп шешіліп келеді. Дегенмен еліміздің даму жолында қуатты серпіліс жасау үшін күнделікті мәселелерді шешіп қана қоймай, мемлекетіміздің болашағына қатысты өзіндік ұстанымымызды анықтау, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру, жекелеген және ұжымдық құндылықтар жүйесін жетілдіру маңызды», дейді ел Президенті.

## Биыл республикалық бюджетке 12,6 трлн теңге табыс түсті

Үкімет отырысында Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев 11 айдағы бюджеттің кіріс-шығыс есебімен бөлісті. Министр жыл бойы қаржыны игере алмаған министрліктер мен табыс аз түскен салаларды жіктеп көрсетті.

Елдің бас қаржыгері мемлекетке түскен табыс 12,6 трлн теңгені құрап, бастапқы жоспар 94,4%-ке орындалды деп баяндады.

Жылдық жоспардың жеткілікті шегіне жетпеуіне мына салалардағы салықтың уақытылы төленбеуі себеп болыпты.


«Атап айтқанда, корпоративтік табыс салығы, импортқа салынатын қосылған құн салығы, пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық және шикі мұнайға экспорттық кеден бажы есебінен қалыптасты. Корпоративтік табыс салығы бойынша жоспардың орындалмауы 272 ірі салық төлеуші бойынша мәлімделген аванстық төлемдер сомасының 24%-ке азаюымен байланысты. Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық бойынша жоспардың орындалмауына негізгі экспорттық тауарлар бағасының орташа есеппен 12%-ке төмендеуі әсер етті. Ал, шикі мұнайға экспорттық кеден бажы бойынша жоспардың негізгі орындалмауы экспорттық кеден бажының нақты қалыптасқан мөлшерлемесінің болжамды көрсеткіштен 8%-ке төмендеуімен байланысты болды», деді министр.

Қаржы министрінің мәліметінше, импортқа салынатын қосылған құн салығы бойынша жоспардың орындалмауына тауарлардың жекелеген топтары бойынша импорт көлемінің төмендеуі мен Еуразиялық экономикалық одақ елдерінен импорт көлемінің 9%-ға азаюы кері көрсеткіш ретінде тіркеліп отыр.

Ал жергілікті бюджеттер салықтық жоспарды асыра орындаған.

«Жергілікті бюджеттердің кірістері 109,2%-ке атқарылды және 5,7 трлн теңгені құрады. Жоспар 478 млрд теңгеге, оның ішінде салықтар бойынша 425 млрд теңгеге асыра орындалды. Алматы облысынан басқа барлық өңірде кірістер бойынша жоспарлар асыра орындалды», деп есеп берді Ерұлан Жамаубаев.

«Созақ үні»-ақпарат.



## Мәдениет пен ақпарат өрісіндегі байланыс беки түспек

Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева АҚШ-тың Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Дэниэль Розенблуммен кездесті.

Кездесу барысында Қазақстан мен АҚШ-та іске асырылып жатқан бағдарламалар мен бастамалар шеңберіндегі ынтымақтастықтың өзекті мәселелері талқыланып, өзара іс-қимылдың түрлі аспектілеріне, соның ішінде мәдени және ақпараттық жобалар сараланды. Аида Балаева елшіге ақпарат, мәдениет, дін және азаматтық қоғам саласындағы белсенді әрі жемісті ынтымақтастығы үшін алғыс білдіріп, «Масс-медиа туралы» заң жобасымен таныстырды.

«Біз диалогқа ашықпыз. Біздің

тарихымыз бен мәдениетіміз өте бай, біз оларды шетелде танымал ету стратегиялық міндетін қойып отырмыз. Осыған байланысты Қазақстанның Америкадағы мәдениет күндерін ұйымдастыру, қазақ халқының ежелгі тарихы мен музей-қорықтар туралы деректі фильмдер сериясын ағылшын тілінде жасау жөніндегі жобаны іске асыруға ұсыныс айтқым келеді. Бұл жобалар мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастығымызды тереңдетуге және мәдени мұраны насихаттауға, ғалымдарға еліміздің тарихи-мәдени мұрасын зерттеуге ықпал етуге, Қазақстанға туристерді тартуға орасан зор мультипликациялық әсер беретініне сенімдімін», деді министр.

## "АУЫЛ АМАНАТЫ" бағдарламасы жеке кәсіпкерлерге дем беруде



Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың, ауылшаруашылығы кәсіпкерлеріне қолдау көрсету мақсатында, осы жылы Түркістан

облысында 2,5% несие беру үшін "Ауыл аманаты" жобасы іске қосылған болатын. Ауыл тұрғындарының табысын арттыруға арналған жо-

ба аясында Құмкент ауылдық округінде аталған жобаға жеке кәсіпкер Кенжебаев Бақытхан Ердешұлы отбасылық Тігін шеберханасын ашқан болатын.

ЖК «Бақытхан» атынан "Ауыл аманаты" бағдарламасы бойынша 2,5% несиемен 7,3 млн. теңге мақұлданып, осы қаржыға Тігін шеберханасы саласын дамыту мақсатында (мақта және жүн түтетін машина, көрпе көктейтін машина, матрац және көрпеше тігетін машина, үтік, т.б. құралын) сатып алып, кәсібін дамытуда.

Кенжебаев Бақытхан Ердешұлына жұмысына сәттілік тілейміз.



## ЖЫЛУ ҚАЗАНДЫҒЫНЫҢ ЖҰМЫС БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Бүгінгі таңда Созақ ауданында ауа-райы күрт төмендеп, аязды күндер орын алуда. Осы ретте, аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков түнгі уақытта Таукент кентіне арнайы барып, ондағы «Шолаққорған-су» КММ мекемесіне қарасты орталықтандырылған жылу жүйесінің жұмыс барысымен танысты.

Сұйық және қатты отынмен жанатын қазандықтардың жай-күйін жіті бақылауына алды. Сондай-ақ көп қабатты тұрғын үйлердің жертелесінде болып, онда элеваторларға келген жылудың бекітілген температуралық кестеге сәйкестігін қарап шықты.

Аралату барысында жауапты сала мамандарына өз жұмыстарына немқұрайлы қарамай, тұрғындарды тұрақты әрі сапалы жылумен қамтуды тапсырды.

Айта кетейік, қазіргі уақытта кенттегі көп қабатты тұрғын үйлердің жертелесінде орналасқан элеваторларға дейін жылу бекітілген температуралық кестеге сәйкес берілуде. Қазіргі таңда дала температурасы -17 градусты көрсетсе, элеватордың жылу температурасы келуі 80, қайтуы 60 градусты көрсетуде.

## БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ - 2025

Жуантөбе ауылдық округінің жас кәсіпкері Өксікбаев Елдос Құрманбекұлы бітіруші түлектермен кездесті. Жас кәсіпкер ауылдан азық-түлік дүкенін ашқан. Кездесу барысында кәсіпкер бизнесті қалай бастағаны, алдағы мақсаты туралы әңгімеледі. Елге үлгі болар азамат жастарға сәттілік тілеп, жарқын болашаққа қадам басатындарына сенетінін айтты.

«Созақ үні»-ақпарат.



лыстық мәслихаттың депутаты Тұрысбеков Мағауия Сексенбайұлы өтінішіміді қанағаттандырып, компьютерлік құрал-жабдықтар алып берді. Жасаған қамқорлығы үшін жомарт жүректі азаматқа алғыс айтқым келеді. «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» демекші бұл азамат бұдан бұрын да қамқөңіл, тұрмысы төмен отбасыларға азық-түлік, тағы басқа да көмек беріп жүргенін аудан

## Халық қалаулысына алғыс

Жұмыс барысында өз оқырмандарыммен уақытты бірге өткізсем, оларға етене жақындап, бауыр басып, өз отбасымдай сезінетінім рас. Төңірегіндегі тіршіліктен кей сәттері қалыс қалып, шынында кейде өздеріне ғана таныс жұмбақ әлемде ғұмыр кешетін бұл азаматтар ерекше қамқорлық пен қарым-қатынасқа зәру екені рас. Тағдыры солай жазылып, олар өмірдің бір кем дүние екендігін сезінгенмен, айналасындағылардан өзін олардың жақсылық пен мейірім, шапағат көрсеткен деп тілеймін.

Осы ойдың жетегімен бір септігі тиер деген мақсатпен аудандық орталық кітапхананың көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған нүктесінің кітапханашысы ретінде аудандағы «Аманат» партиясы өкілдерінің жеке қабылдауында болып,

заманауи техникалық құрал-жабдықтар алуыма көмектесуін өтінген едім.

Жақында осы мәселенің шешімі табылып, бірнеше техникалық құрал-жабдықтар алуыма мүмкіндік жасалды. «Аманат» партиясының Созақ аудандық филиалы кеңсесінде үнемі игі істердің басында жүретін азамат ауданымыздың тұрмасы, халық қалаулысы, об-

лжұртшылығы жақсы біледі. Халық қалаулысының қайырымдылық істері көптеп саналады. Көмек алған кісілер оның жасаған шарапатына дән риза. Ел үшін игі істер жолында тер төгіп жүрген Мағауия Сексенбайұлына өз атымнан және барша оқырмандарымның атынан алғысымды айтып, сізге Алланың нұры жаусын, қарапайым халықтың риясыз ілтипатына бөленіп, барлық істегі бастамаларыңыздың жолы ашық болуына тілектестігімді білдіремін.

**Айман БАЛТАБАЕВА, Созақ аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің көзі көрмейтін, әлсіз көретін азаматтарға қызмет көрсету нүктесінің кітапханашысы.**



## ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРТТАРЫМ АМАН БОЛСЫН

Созақ ауданы «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен Жуантөбе ауылдық округінің кәсіпкерінің қолдауымен қайырымдылық жасау мақ-

рер, алғыспен ел көгерер" демекші, дүниеде ел алғысына бөленуден артық сый жоқ! Қамқорлыққа зәру жандардың қамқоршысы болып, жылы сөз, жүрек жы-



сатында жалғыз басты қария Парманқызы Айман және Ұлман апаға көмек көрсетіп, азық-түлік жеткізді.

«Жаңбырменен жер көге-

луын ұсынып, ізгілік нұрын шашып, сый-сияпат көрсетіп жүрген жомарт жандар қатары көбейе берсе екен дейміз.

## Баспасөз-2024

«Созақ үні» оқырмандармен бірге, жазылуға асығыңыздар!

Келер жылы аудан айнасы «Созақ үні» газетінің жарық көргеніне 94 жыл болады. Осынау мерзім ішінде тоқсан бес жылға жуық тарихи бар басылым билік пен бұхара арасында алтын көпір қызметін атқаруда.

Ауданның жаңалығынан уақытылы хабардар болып, рухани байлығыңызды байытқыңыз келсе, өңіріміздің сөз жариясы «Созақ үніне» жазылыңыз!

Газеттің шығармашыл ұжымы оқырмандарға қызмет көрсетуге, сіздердің ой-пікірлеріңізді тыңдауға, басылым бетінде жариялауға қай уақытта әзір.

Жазылу индексі: 64450

Редакция арқылы жазылу жеке тұлғалар үшін-2500 теңге  
Қазпошта мекемесі арқылы жеке тұлғалар үшін-2662,74 теңге.

Мекемелер үшін индексі: 19450 -3862,74 теңге.

«Ернұр Пресс» ЖШС арқылы жеке тұлғалар үшін-2730 теңге.

**Таяуда аудандық басылымның медиажоспарына сай №694 «Мыңжылқы» сайлау округінен депутат болып сайланған, аудандық мәслихаттың депутаты Бақдәулет Құрмашұлы Баймұсаевпен сұқбаттасудың сәті түскен еді. Ондағы мақсатымыз сайлаушылар алдында берген уәдесіне сай нендей жұмыстар атқарды. Нендей жұмыстарды атқаруға әрекет етіп жатқаны туралы жұртшылықты хабардар ету болатын.**

**-Бақдәулет Құрмашұлы әрине халық аманатын арқалау оңай емес. Сонда да болса өз сайлаушыларыңыз алдында жауапкершілік жүгі қандай болмақ?**

Б.Қ.-Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауын-



Машина-трактор паркінің әбден ескіріп, тозуы – күрделі мәселеге айналды. Қазір ауыл шаруашылығы техникасының 80 пайызы тозып тұр. Сондықтан жыл сайын оның 8-10 пайызын жаңартып отыру қажет. Бұл ретте еліміздегі техника өндірушілер мен шаруалардың да мүддесін ескерген абзал» деп үлкен шаруалардың, кәсіпкерлердің көкейінде жүрген сауалдардың нүктесін деп басты. Сонымен қатар, Жолдауда;

«Ең алдымен, орта бизнестің дамуын тежеп тұрған кедергілерді жою қажеттігін, Орта кәсіпкерліктің басым бөлігі әбден дамыған кезде бөлшектеніп кетеді. Өйткені оларға шағын бизнес деңгейінде қалған әлдеқайда «қолайлы». Үкімет шағын бизнесті өзара бірігіп, ірі кәсіп иелері болуға ынталандыру үшін заңға өзгерістер енгізуі керек.

Еліміздің нарығында белсенді жұмыс істеп жатқан табысты орта кәсіпорындарға қолдау көрсету, сол арқылы олардың өндіріс қабілетін арттырып, өнім көлемін екі-үш есе

не жұмыс жасадым. Алдымен Құрал Рүстемов көшесі тұрғындары тарапынан: Көшені жарықтандыру жұмыстары. Жаяу жүргіншілерге арналған аяқ жол жүргізу. Газ, су мәселесі. Қ.Рүстемов және Жібек жолы көшесімен қиылысатын тас жол көшеге асфальт төсеу жұмыстары туралы ұсыныстар түскен болатын.

Ол бойынша көшені жарықтандыру толықтай жүргізілді. Газ құбыры жүргізілді алдымыздағы 2024 жылға іске қосылу жоспарлануда.

Алдағы уақытта Қ.Рүстемов және Жібек жолы көшесімен қиылысатын тас жол көшеге асфальт төсеу жұмысы келесі 2024 жылға енгізілді.

Әйтеке би көшесі тұрғындары тарапынан көшені жарықтандыру жұмыстары толықтай жүргізілді. Балалар ойын алаңын салу алдағы 2025-2026 жылдарға жоспарлануда және жер мәселесін қарастыру қолға алынып отыр.

Абай және Жібек жолы ортасындағы қуыс көше тұрғындары тарапынан Ы.Алтынсарин атындағы жалпы

## Халыққа қызмет, біз үшін міндет

да Біз болашақта қандай ел болатынымызды нақты білеміз. Бәріне бірдей мүмкіндік беретін өркениетті ел – Әділетті Қазақстанды құрамыз. Заң және тәртіп, өзара түсіністік, тілектестік пен жауапкершілік бәрінен биік тұратын тиімді мемлекет боламыз... Біз мәдениетті, білімді, ғылымды дамыту арқылы қазіргі ашық әлемнің бір бөлшегі болуға ұмтылуымыз керек. Алдымызға қойған биік мақсатқа жету оңай болмайды. Бірақ бүкіл ел болып кіріссек, бұл – қолдан келетін шаруа. Халық, бизнес және билік өкілдері бар күш-жігерін жұмылдырулары керек. Сонда ғана мемлекетіміздің қазіргі даму үлгісін түбегейлі өзгерте аламыз, кедергінің бәрін жеңеміз» деген болатын. Бұл дегеніміз әрбір азаматтың қоғам алдындағы зор жауапкершілігі бар екенін сезіндірсе керек. Соның бірі сайланған депутаттардың аманатқа адал болуы, қиянатқа жол бермеу, елдің ауызбіршілігі мен ынтымағына жұмыс жасау. Өзіне жүктеліп, атқарылуға жататын тиісті жұмыстарға адами көзқараспен қарай білуі шарт деп ойлаймын.

**Журналист: -Сұқбатты Президент Жолдауынан бастап отырсыз, жалпы ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік тұрғысында жолдаудан нендей ой түйдіңіз?**

Б.Қ. -Жолдауда негізгі айтылған мәселелердің бірі су мәселесі болды. Су кез-келген салаға пайдасы зор ресурс. Президент «Халқымыз «Судың да сұрауы бар» деп бекер айтпаған. Су дегеніміз – үнемдеп пайдаланбаса, тез таусылатын шектеулі ресурс» деп атап көрсеткеніндей егістік пен жайылым, жем шөп қоры, халықтың әлеуеті осы су арқылы өсіп өркендейтіні белгілі. Сонымен қатар Президентіміз «Алдымызда тағы бір өте маңызды міндет тұр. Біз агроөнеркәсіп кешенінде нақты серпіліс жасауымыз керек. Ауыл шаруашылығы саласының әлеуеті орасан зор. Бірақ біз қолда бар мүмкіндіктерді әлі де толықтай пайдаланбай отырмыз. Жастар жағы ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығына ынта арту керек.

Қазақстанның айналасында өнім өткізетін өте үлкен нарықтар бар. Онда сапалы азық-түлік өнімдері тапшы. Қазақстанның стратегиялық мақсаты – Еуразия құрлығындағы басты аграрлық орталықтың біріне айналу. Осы мақсатқа қол жеткіземіз десек, ең алдымен, өнімді жоғары деңгейде өңдеуге көшуіміз қажет. Онсыз болмайды. Біз алдағы үш жыл ішінде агроөнеркәсіптегі өңделген өнім үлесін 70 пайызға

жеткізуіміз керек. Бұл – нақты міндет. Жұртты өнім өңдеуге ынталандыру керек. Ол үшін салық саясатын қайта қарау қажет.

Бұл салада ірі компаниялар көбірек болса, нақты серпіліс жасауға болады. Біз экспортты ұлғайта отырып, ішкі нарықты да ұстап тұруымыз керек. Сондықтан елімізге сапалы өнімді қажетті көлемде тұрақты ұсына алатын кәсіпорындар қажет. Отандық агрофирмалардың ірі компаниялар қатарына кіргені жөн болар еді. Сондай-ақ өзара тиімді шарттарды ұсынып, бұл жұмысқа халықаралық корпорацияларды белсенді түрде тарту керек.

Ет, сүт, астық өнімдерін терең өңдеу және өндірістік жылыжай шаруашылықтарын дамыту сияқты біз үшін болашағы зор бағыттарға басымдық берген абзал. Сонымен бірге өз еліміздегі ауыл шаруашы-

көбейту қажеттігін баса айтты. Тағы бір маңызды мәселе – кәсіпкерліктің бүгінгі ахуалы. Билік пен бизнестің арасында сындарлы диалог болуы қажет.

«Құжық қорғау органдарының кәсіпкерлерді құдалауын біржола тоқтату» керектігі. Қалай десек те, бұл – назардан тыс қалдыруға болмайтын мәселе. Кәсіпкерлікке қолдау көрсету, саланы реттейміз деген желеумен жасалатын қысымды азайту және бәсекелестікті дамыту мәселелерін мұқият талқылау қажет» деген сөзі аудан кәсіпкерлеріне тың серпін берді..

Аймақтарға қатысты саясатта маңызды реформалар жүргізілді. Соның нәтижесінде әкімдерді тікелей сайлау тәсілі енгізіліп, әкімшілік реформа қолға алынды. Бұл ретте бюджетаралық қатынастарды түбегейлі өзгерту мәселесі, жаңа эконо-

орта мектебінің мұғалімдерінің ұсынысы бойынша Абай және Жібек жолы көшесінің ортасындағы жаяу жүргіншілерге арналған екі қуыс көшені жарықтандыру толықтай жүргізілді.

Жанғали Меймандосов көшесі тұрғындары тарапынан көшені жарықтандыру жұмыстары. 2. Балалар ойын алаңын салу. 3. Меймандосов көшесі мен Жібек жолы көшесін жалғайтын тас жолға асфальт төсеу жұмыстары түскен болатын. Ол бойынша Меймандосов көшесі мен Жібек жолы көшесін жалғайтын тас жолға асфальт төсеу жұмыстары толықтай жүргізілді. Көшені жарықтандыру жұмыстары алдағы 2024 жылға жоспарлануда. 2. Балалар ойын алаңын салу алдағы 2025-2026 жылдарға жоспарлануда және жер мәселесін қарастырылуда.

Ы.Алтынсарин көшесі тұрғындары тарапынан: Жаңа трансформатор орнату. Көшені жарықтандыру, ауыз су мәселесі түскен болатын. Бұл жұмыстар алдағы 2024 жылға жоспарланып отыр.

Абай көшесі тұрғындары тарапынан ауыз су мәселесі. Трансформатор ауыстыру мәселесі. Ескі асфальт жолды орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу. Балалар ойын алаңын салу жұмыстарын жүргізу алдағы уақытта жоспарлануда. «Бастау», Т.Насыров, А.Асқанбеков, Т.Әубәкіров, Т.Аймұрзаев, Д.Қонаев көшелері тұрғындары тарапынан түскен өтініштерге байланысты көшені жарықтандыру жұмыстары алдағы 2024 жылға жоспарланып отыр.

Аудандағы «Белсенді ұзақ өмір және тең қоғам» орталығы тарапынан түскен сауалға байланысты Мүгедектігі бар азаматтарды тасымалдайтын «Инва такси» арнайы автокөлігін алдыру мәселесі бойынша жұмысы алдағы 2024-2025 жылдарға жоспарлануда. Және орталық аурухана тарапынан түскен ұсыныс бойынша Сот медициналық сараптама орталығын аудан орталығында ашу жұмыстары бойынша ауданымыздан сайланған облыстық мәслихат депутаты Б.Байғараевқа және парламент Мәжілісіне сайланған депутатымыз Ұ.Сәдібековтің атына депутаттық сауал жолданды.

**Журналист: -Кеше ғана аудан орталығында сайлаушыларыңызбен алғашқы кездесу өткізгеніңізді білеміз. Көптің көкейінде жүрген түйткілді мәселелерді шешу жолындағы еңбегіңіз жемісті болсын! Ісіңізге табыстар тілейміз!**

Б.Қ.-Рахмет, Мақсат аға!

**Сұқбаттасқан:  
Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**



лығы кәсіпорындарының әлеуетін қаперден шығармаған жөн.

Осы ретте 100-ден астам ірі сүт-тауар фермасы салынып жатқан Солтүстік Қазақстан облысының жетістіктері көпке үлгі. Шаруалардың тәжірибесі мол, жем-шөп қоры да жеткілікті. Оған қоса байыпты қолдау шаралары қолға алынған. Осының бәрі тұтаса келе тәп-тәуір нәтиже беріп отыр. Құс фабрикаларын, көкөніс қоймаларын, ет өнімдерін шығаратын кәсіпорындар салған кезде осы тәжірибені басшылыққа алу керек.

Ауыл-аймақты дамыту үшін шағын шаруашылықтарды қолдау өте маңызды. «Ауыл аманаты» бағдарламасының елге қажет екені айқын көрінді. Оның келесі кезеңінде жеңілдетілген несиелер берумен шектеліп қалмау керек. Жеке қосалқы шаруашылық иелері өзара бірігуі қажет. Осыған қажетті жағдай жасалуы керек.


микалық үлгіге көшкенде аймақтардың бюджет мәселесіндегі дербестігін арттыру керектігі, сонымен қатар аудан әкімдеріне жергілікті бюджетті басқару құқығын беруді жедел шешу қаракетін айтып өткен болатын.

**Журналист: -Иә, Президент Жолдауындағы біздің ауданымызға қажетті тұстарына мән беріп, ой көкжиегінен өткізгеніңіз анық көрініп тұр. Енді халық оалаулысы ретінде сайланған уақыттан бергі жеті ай көлемінде атқарған жұмыстарыңызға қысқаша ғана саралау жүргізіп өтсеңіз?**

Б.Қ.-Сайлауалды бағдарламамды басты тұғырнама ретінде басшылыққа алып, одан кейін сайлаушыларыммен кездескенде менің алдым ала әзірлеп дайындаған бағдарламнан бұрын сайлаушылардың маған аманаттаған ұсыныс пікірлері-

## Мен- Тәуелсіздік құрдасымын!

Мен Даулеталиева Сымбат Әлібекқызы осыдан 32 жыл бұрын 1991 жылы 4 желтоқсан күні Созақ ауданы Жуантөбе ауылында дүниеге келгенімді мақтан тұтамын. Себебі, мен тәуелсіздік құрдасы болған бақытты жанмын. Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіз елдің аза-




матшасы болғаным, дәл сол күні өмірге әкелген анама алғысым шексіз. Анам Тоқсанбаева Мизамкүл Шәріпханқызы бүкіл өмірін ұстаздық жолға арнаған білікті, зейнеткер ұстаз. Тәуелсіздік құрдасы болған соң оқуда озат болғанға не жетсін?! Мектепте тәртіпті, білімді оқушы болып, ұстаз болуды, шәкіртке білім нәрін құюды арман еттім. Аңсаған арманымның жолында талмай ізденіп, жоғарғы оқу орнын үздік дипломмен бітірдім. 2015 жылдан бастап қазіргі таңда Созақ ауданы Шолаққорған ауылындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс атқарып келемін. Найзаның ұшымен, білектің күшімен келген еркіндік пен егемендік алған күнді мәңгілік елдің мәуелі ұрпақтарына әр сабағымда ұғындырып, тәуелсіздігімізді сақтау, қастерлеу мына жастардың қолында екенін түсіндіруден еш жалыққан емеспін. Себебі, ел тарихында ойып тұрып орын алған тарихи күнді естен шығармаған жөн. Өз мамандығын сүйе білген педагог-зерттеуші маман ретінде ұшқан құстың, шапқан аттың тұяғы талатын кең дамыздың қадір-қасиетін ескелең ұрпаққа түсіндіруді маған парыз деп білемін. Тәуелсіздік халқымызды кіріптарлықтан құтқарып, жеңісті күндерді нәсіп етіп келеді. Тәуелсіздікпен түйедей құрдас болғанымды маңдайға жазған жаратушыға рақмет! Өркендей бер, менің тәуелсіз Қазақстаным!

**Сымбат ДАУЛЕТАЛИЕВА,  
Ыбырай Алтынсарин  
атындағы жалпы білім  
беретін мектептің қазақ  
тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.**

Зина отбасындағы үйдің кенжесі еді. Үлкендері оны еркелетіп бетінен қақпайтын. Ағалары қарындастарына қамқорлықпен қарап, айтқанын орындайтын. Әкешесі де сүт кенжелеріне ерекше ілтипатпен қарайтын.

Аудан орталығынан шалғайда орналасқан Шу совхозындағы сол кездегі Гагарин атындағы орта мектебінің табалдырығын аттап, білім ошағын 1974 жылы тәмамдаған ол Алматы қаласындағы Қазақ қыздар мемлекеттік институтының физика-математика факультетіне оқуға түседі.

Осы жерде Зинаның әкесі Мұхат Иманбеков жайлы айта кетудің реті келіп тұр. Мұхаттың әкесі Иманбек Әліпбайұлы 1930 жылғы Созақ көтерілісін ұйымдастырушылардың бірі болған. Және діни қазылық еткен. Сол жылы солақай саясаттың кесірінен «Халық жауы»



басқаруы тиіс» деп ұрандатқан дауыстар әр тұстан естіліп жатты.

Әлден уақытта қолына резеңке таяқ, қалқан ұстап, мұздай қаруланған солдаттар студенттерді қоршап, шеруші жастарды ұра бастады.

Әр тұстан жылаған, шыңғырған, ыңырысқан дауыстар естілді. Зиналар жүрген жердегі солдаттар қазақ жігіттері екен. Бұларға жаны ашыды ма шылы белсеніп жүрген жоқ. Олар: «Қыздар, қайтсаңдаршы, қазір жаман болады» деп студенттерді кері шегіндіре берді.

Сол 1986 жылдың желтоқсанында бастан өткерген осы оқиға Зинаның есінен кетер емес. Дүрбелең басылғаннан кейін Зина институтта күнде жиналыс болып, студенттерді тергеп, тексеру ісі басталғанын, әулімдеп жүріп қудалаудан аман қалғанын айтады.

Созақтың қаршадай қызы

## Өткен күндер оқиғасы әлі есінде...

деген атпен атылған. 1930 жылы Мұхат Иманбековті Арыс қаласындағы балалар үйіне жіберген. 1936 жылы Түркістан қаласындағы педагогикалық училищеде білім алған. 1939-1941 жылдар аралығында Түркістан қаласындағы Ленин атындағы мектепте мұғалім болып жұмыс істеген. Әскер қатарына алынып Ұлы Отан соғысының майдан шебінде болған. Украина майданының 92/93 атқыштар полкінде кескілескен ұрысқа қатысқан. Жеңіс мерекесі күні «За победу над Германией» медалімен, маусым айында «За доблестный труд» медалімен марапатталған.

Соғыстан кейін Созақ, Энгельс, Қаратау, Тасты, Талапты ауылдарында бастауыш мектеп меңгерушісі, мектеп директорының орынбасары қызметтерін атқарған.

Шымкент қаласындағы педагогикалық институттың тарих факультетін бітіріп, жоғары білім алған.

Бір мың тоғыз жүз алпыс екінші жылы Шу совхозы құрылғанда осы ауылдағы білім ұясының басшысы болып тағайындалды. Ол алғашында «Жол өткен» сегіз жылдық мектебі болып ашылған. Кейін бұл білім ошағы Ю.А.Гагарин атындағы орта мектепке айналған. Мұхат Иманбеков көкеміз ұзақ жылдар бойы ұстаздық қызметте болып, 1981 жылы дүниеден озды.

Ал, Зинаның анасы Салмақ Нұрпейісқызы «Алтын алқа» иегері, көпбалалы ана. Ол 1925 жылы Созақ ауылында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысы жылдарында ауыл еңбеккерлерімен бірге тылда еңбек етіп, әскердегі жауынгерлерге азық-түлік пен киім-кешек дайындау жұмыстарына қатысып, тынбай тірлік жасаған.

1943 жылы майданнан жараланып оралған Иманбеков Мұхат Иманбекұлы екеуі 1944 жылы шаңырақ көтеріп, 10 ұл-қыз дүниеге алып келіп, өсіріп, қанаттандырған.

2011 жылы апамыз жүніе салған.

Мектепті үздік бітірген Зина Иманбекова аталған оқу орнында да үздік студенттер қатарынан көрінді. Институттағы қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, түрлі шараларға белсене қатысады. Оқытушылары Зинадан мол үміт күтіп, ғылыми еңбектерін жазып, студенттер арасында белсенділігімен танылған бұған сәттілік тілейді. Жетістіктерін құптап, бағыт-бағдарларын береді.

Сонау 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы кезінде З.Мұхатқызы институттың 3 курсына оқитын еді.

...Алматыда аяқастынан дүрбелең

басталған кезде бұлар сабақта-тын. Аудиторияда отырып ұстаздарынан орталық алаңда студенттер жиналып жатқанын естіген. Бұл хабарды ести сала группаластарымен бірге, сонда бару үшін алдымен жатақханаға соғады. Топ болып жатақханаға келгенде бұлар Гоголь көшесінің бойымен митингке қатысуға асыққан жастардың өтіп бара жатқанын көреді. Жастардың: «Қазақстандағы жалғыз қазақ қыздары оқитын институт қайда-сыңдар, бізге қосылыңдар» деген ұранды сөздері естіліп жатты. Десе де мұндағы ұстаздар құрамы мен жатақхана қызметкерлері оқу орнының студенттерін алаңға жібермеуге тырысып бақты. Жатақхана есіктерін тарс жауып, сыртқа ешкімді шығармауға әрекет жасады. Алаңға баруға асыққан жастар оған қараған жоқ. Бірі терезеден, екіншілері есіктен шығып, митингке қарай ағылды. Зина да жанындағы достарымен бірге киімдерін тез-тез ауыстырып алып, сыртқа шығуға ұмтылды. Есіктің алдына тұрып алған жатақхана қызметкерлері бұларды

Тәуелсіздік жолында осындай қиын-қыстау күндерді бастан өткерген.

Зина Иманбекова аталған жоғары оқу орнын 1988 жылы бітіріп, Отырар ауданы Темір станциясының жігіті Қошқарбаев Серікке тұрмысқа шықты. Отбасында бір ұл, бір қызы бар. Осындағы Темір жалпы орта мектебінде 35 жыл мұғалім болып қызмет жасап келеді. Біліктілігі зерттеуші. Білім саласында сіңірген еңбегі үшін марапаттың бірнешеуін иеленген. 2021 жылғы 2 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Иманбекова Зина Мұхатқызы «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» мерекелік медалімен наградталды.

Көптеген ғылыми жоба жарыстарында шәкірттерді ауданнан бірінші орын алып, облыста да бірінші орынды жеңіп алып, биік белестерді бағындырған.

Ұлы Ерлан «Отырар» мемлекеттік археологиялық қорық музейінің экскурсовод-гиді қызметінде. Келіні Қыздығой №105 «Елгезек» балабақшасында тәрбиеші.



жіберер емес. Бір кезде амалын тауып, шығып, алаңға қарай бет алды. Бірақ митингті өтіп жатқан жерге бұлар бірден жете алмады. Өйткені баратын жолдың бәрін әскерилер жауып тастаған. Бұлардың тобына қосылған бір топ жігіттер әскери қоршауды бұзып, алаңға бастап кірді. Жәймен жылжып отырып трибунаның қасына барды. Шәмшінің «Менің Қазақстаным» әнін онда тұрғандармен бірге қосылып шырқады. «Қазақты қазақ басқарсын, Конституция бойынша әр ұлт өзін-өзі

Қызы Ақбота анасының жолын қуып мұғалім мамандығын қалаған. Мектепте оқушыларға дәріс береді. Күйеу баласы Данияр жеке кәсіпкер. Ұлы мен қызынан 5 немересі бар.

Арада отыз жыл өтсе де Зина сол Алматыдағы өзі көзімен көрген, басынан өткерген қиын күндерді жиі еске алады. Жалынды жастық шағындағы сол оқиға әлі күнге дейін жанында жаңғырады.

**Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.**



# ҚР дін саласындағы мемлекеттік ұстанымы

1991 жылы ҚР өз алдына тәуелсіздік алып дербес мемлекет ретінде орнығып өз қолы өз аузына жеткен соң алғашқы жұмыс әрине тәуелсіз елдің Конституциясының жазылуы еді. Ата заңның алғашқы бабында Қазақстан өзін зайырлы мемлекет деп атап көрсетті. Сол уақыттан бері қарай Қазақстанды әлем жұртшылығы «зайырлы» ел ретінде таниды. Түсініктеме беру үшін дін саласы бойынша әлем елдерінде қалыптасқан мемлекеттік саясаттың бірнешеуін жаза кетейін.

Теократиялы, атеизм және лайцизм. Атеизм тарихтан белгілі болғандай Құдайды жоққа шығаратын ілім жолы. Дегенмен әлі күнге дейін атеизмді мемлекеттік саясат ретінде ұстанып отырған біршама мемлекеттер бар. Теократиялы мемлекет – діннің мемлекетті басқаруы. Яғни кез-келген діннің қандай да бір елдің мемлекеттік заң шығару құзыретіне дейін көтерілуі. Мұндай мемлекеттер қазіргі таңда Иран, Сауд Арабия Корольдігі, Ватикан секілді елдер. Ал соңғысы Батыс Еуропа елдерінде «Лайцизм» деп аталған «Зайырлылық» ұстанымы біздің мемлекетіміздің негізгі бағыты. Зайырлылық турасында анықтамалар өте көп. Солардың бірнешеуін тізбектер болсақ: «барлық діндерге бейтарап қарайды», «діни басшы-

лықтан тәуелсіз», «теологиялық қағидалар мен нормалардан азат» деген мағыналарды білдіреді. Дегенмен қоғам арасында «зайырлылық» ұғымын атеизммен теңестіретін адамдарда табылып жатады. Зайырлылық – «атеизм» немесе «дінді жоққа шығару емес», керісінше – адамның ар-ождан бостандығын діни сенім еркіндігіне кепілдік беруді білдіреді. Бұл анықтама «ар-ождан бостандығы», «төзімділік» және «толеранттылық» сияқты құқықтық, моральдық түсініктермен тығыз байланысты. Мемлекеттің дінге деген қатынасының демократиялық сипатта екендігін танытады. Қоғамның кез келген мүшесіне, оның діні, тегі, нәсіліне қарамастан, әр адамның қандай да бір дінге сену, сенбеу мәселесіне араласпайтын ұстаным. Яғни, адамның ар-ожданының, моральдық болмысының еркіндігіне мүмкіндік беретін, мемлекет азаматтарының арасындағы қарым-қатынасты тек құқықтық негізде шешуді қамтамасыз ететін бүгінгі мемлекеттік басқару жүйесінің ең басты тетігі. Осы жүйені негізге алған елімізде дәл қазіргі уақытта 18 конфессия өкілдері бір аспанның астында ымырагершілікте өмір сүруде. Дегенмен тарихи және мәдени ерекшелігімізді ортаға қоя келе 2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және

діни бірлестіктер» туралы заң қабылданып, преамбуласында «сунниттік Ханафи мазхабы мен христиандық православтардың тарихи рөлін танытынын, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танытынын негізге алды».

Зайырлылық практикалық тұрғыда әлемнің көптеген елінде болып жатқан процесс. Жер бетіндегі 160 - қа жуық мемлекет осы қағиданы берік ұстанады. Сондай-ақ ол елдерде өзге дін өкілдерінің діни құлшылықтарын, ритуалдарын орындауға мүмкіншілік берілген. Белгілі бір діннің өкілі өзге дін өкіліне саусағын шошайтып келеке етуге тыйым салынған. Яғни ар-ождан бостандығы. Мұндай жағдай біздің елде де бар. Қазіргі таңда еліміз аумағында 18 конфессияға тиесілі 3932 діни ұйым тіркелген, 2790 ислам, 345 православ, 93 католик, 588 протестант, 61 Ехоба куәгері, 24 жаңа апостолдық шіркеу, 13 Кришна санасы қоғамы, 7 иудаизм, 6 Бахаи қоғамы, 2 буддистік, 2 Иса Мәсіхтің соңғы күнгі әулиелер шіркеуі (мормондар), 1 Бірігу шіркеуі (муниттер). Жоғарыда айтылған зайырлылық

ұстанымын тіпті ислам дініде қолдаған іс. Себебі ислам дінінің қағидаттары бойынша өзге дін өкілдеріне зорлық қиянат істер жасауға тыйым салынған. Алла Елшісі Мұхаммед (с.а.с): Кімде-кім кітап иелеріне жәбір көрсетсе ақыретте соның дұшпаны менмін деп қатаң ескерту жасаған. Сондай-ақ тағы бір хадисінде былай дейді: Кімде-кім зиммиді (мұсылмандармен бірге өмір сүретін өзге дін өкілі) өлтірсе, ол жұмақтың иісінде иіскемейді, деп жеткізген екен.

Қорытындылай келе айтпағымыз қандай да бір қоғамның ілгерілеп алға жылжуы мемлекет ішіндегі діни тұрақтылыққа байланысты. Таяу шығыс елдеріндегідей суннит пен шиит ағымы секілді немесе бір территорияда өмір сүріп өзге дін өкілдерінің құлшылықтарына бөгет жасап бөлінушілік қоғамға зардабын тигізуші үлкен фактор. Сондықтан адамгершілік ар-ұятымызға нұқсан келтірмейік. Заң алдында діни ұстанымызға қарай артықшылық берілмейтінін ескерейік.

**Қ.ҚОСМАХАНОВ,**  
**Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ маманы.**

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы  
24 маусымындағы № 58 бұйрығына қосымша

**Сүмен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға және жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілген қызметтерді 08.02.2021ж тұтынушылармен жасасқан шартқа № 1 қосымша Келісім шарт**

Таукент, Қыземшек кенті .

2023 жылғы 01. ақпан

Бұдан әрі Өнім беруші деп аталатын, сүмен және (немесе) су бұру, жылу энергиясы жөніндегі көрсетілетін қызметтерді (бұдан әрі көрсетілетін қызметтер) ұсынатын Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің су шаруашылық құжындағы «Шолақорған - Су» МКК –ның / 981140001600/атынан Жарғы негізінде әрекет ететін директоры Тулеев Ш.Қ. бір тараптан және бұдан әрі Тұтынушы деп аталатын 08.02.2021 жылғы тұтынушылар мен № \_\_\_\_\_ отырған келісім шартқа Қосымша № 1 келісім шарт жылу, сүмен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға арналған шарт Таукент кенті № \_\_\_\_\_ Үй № \_\_\_\_\_ пәтер тұрғыны \_\_\_\_\_ екінші тараптан, мына төмендегілер туралы осы шартты (әрі қарай Шарт) жасасты.

4-тарау. Көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу тәртібі:  
13. Осы шарт бойынша ұсынылатын қызметтер үшін ақы төлеу уәкілетті, органның ведомствосы бекіткен тарифтер бойынша жүргізіледі. Тарифтерді өзгерту Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.  
13.1. Шарт жасау уақытында сүмен, жылумен жабдықтау бойынша қызмет көрсету ақысы (ҚҚС қоса алғанда) төмендегідей  
- Есептегіш құралдары барларға жеке тұлғалар үшін текше метріне – 59,32 тенге.  
- Есептегіш құралдары жоқ тұтынушылар үшін қызмет көрсету ақысы адам басына бір айға 595,38 тенге.  
Сарқынды суды бұру ақысы (ҚҚС қоса алғанда) төмендегідей:  
Есептегіш құралдары бар жеке тұлғалар үшін -30,53 тенге.  
Есептегіш құралдары жоқ тұтынушылар үшін қызмет көрсету ақысы адам басына бір айға 510,76 тенге.  
- Таукент кенті 1м2тұрғын үй аланын жылытуға арналған тариф –ҚҚС қосқанда 92,71 тенге.  
- Қыземшек кенті бойынша 1м2 тұрғын үй аланын жылытуға арналған тариф ҚҚС қоса есептегенде 118,70 тенге.  
2. Қосымша келісімде қаралмаған Келісім шартындағы басқа бөлімдері сол қалпында қалады, Тараптар осыменен өздерінің міндеттерін растайды.  
3. Осы қосымша Келісім шарт 01.02.2023 жылдан бастап қай уақытта тараптар қол қойғанына қарамастан күшіне енеді.  
4. Осы Қосымша келісім екі дана етіп жасалынады, әр тарапқа бір данадан орыс және қазақ тілінде бұл 08.02.2021 жылдың қосымша келісім шартының № 1 ажырамас бөлігі болып табылады  
Тараптардың деректемелері

Өнім беруші: \_\_\_\_\_ Тұтынушы: \_\_\_\_\_  
«Созақ аудан әкімдігінің»  
тұрғын үй-коммуналдық  
шаруашылық, жолаушылар  
көлігі және автомобиль жолдары  
бөлімінің «Шолақорған -Су» МКК,  
161000, ҚР, Түркістан облысы,  
Созақ ауданы, КЗ916010291000011880.  
БИК HSBKZKX  
БИН 981140001600 КБЕ16  
«Қазақстан Халықтық Банк»  
Директор \_\_\_\_\_  
Тулеев Ш.Қ.

Приложение 19 к приказу Министр  
национальной экономика  
РК .

от 24 июня 2019 года №58

**Дополнительное соглашение № 1 к Договору на предоставление услуг по водоснабжению и водоотведению сточных вод и снабжению тепловой энергией от 08.02.2021 год.**

п. Таукент, п. Қыземшек

01.02.2023 год.

Государственное коммунальное предприятие «Шолақорған -Су», на праве хозяйственного ведения акимата Созақского района, предоставляющие услуг водоснабжению и (или) водоотведению (далее -Услуги), именуемый в дальнейшем «Поставщик», в лице директора Тулеев Ш.К.действующего на основании Устава с одной стороны \_\_\_\_\_ и проживающий (ая) по адресу п. Таукент п. Қыземшек дом № \_\_\_\_\_, № \_\_\_\_\_ квартира \_\_\_\_\_, именуемый в дальнейшем «Потребитель», другой стороны, заключили настоящий Дополнительного соглашения к Договору № \_\_\_\_\_ 08.02.2021 год, на пред-ия услуг по водоснабжению и (или) водоотведению) и снабжению тепловой энергией от 01.02.2023 года на основании Приказа Республиканское государственное учреждения «Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Туркестанской области» № 32 НҚ от 16.01.2023 г.(по водоотведение) и № 18-НҚ от 08.02.2023 года «водоснабжения» (далее – Дополнительное соглашение) о нижеследующем:

Договор изложить в следующей редакции:

1. Глава 4 . п. 13-1: Оплата услуг Услугодателя по водоснабжению и водоотведению, тепловой энергией производится Потребителем по тарифам, утвержденным регулирующим органом.Цена на оказание услуг по настоящему Договору составляет соответственно с НДС:

- имеющие прибор учета водоснабжению -59,32 тенге
- имеющие прибор учета водоотведению - 30,53 тенге
- не имеющие прибор учета количества 1- человек – 595,38 тенге
- не имеющие прибор учета водоотведение кол 1 чел – 510,76 тенг
- тариф на отопление п. Таукент за 1м2 - 92,71 тенге с НДС
- тариф на отопление п. Қыземшек за 1м2 - 118,70 тенге с НДС

2. Настоящее Дополнительное Соглашение является неотъемлемой частью указанного Договора на предоставление услуг. Все остальные пункты и разделы Договора, не затронутые настоящим Дополнительным Соглашением, остаются без изменения.

3 Настоящее Дополнительное Соглашение вступает в силу 01.02.2023 года независимо от даты его подписания Сторонами и действует до полного и надлежащего исполнения обеими Сторонами Договора принятых на себя обязательств по указанному Договору.

4. Настоящее Дополнительное Соглашение составлено в 2-(двух) подлинных экземплярах на русском и казахском языке, имеющих равную юридическую силу, по одному экземпляру для каждой из Сторон.

Подписи Сторон

Поставщик:  
«Государственное коммунальное предприятие «Шолақорған-Су» отдела жилищно коммунального хозяйства, пассажирского транспорта автомобильных дорог акимата Созақского района».  
КЗ9160102910000118  
БИН 981140001600,КБЕ-16  
Директор \_\_\_\_\_

Потребитель:

Тулеев Ш.К.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Таукентский филиал ТОО «Уранэнерго» в соответствии с п.5 ст. 25 Закона РК «О естественных монополиях» проводит публичное слушание по обсуждению проекта тарифов и тарифных смет на регулируемые услуги водоснабжения и водоотведения на 2024 год.

Публичное слушание состоится 16 января 2024 года в 10:00 часов.

Адрес: Туркестанская область, Созакский район, поселок Таукент.

**АУП Таукентского филиала ТОО «Уранэнерго».**

## Жемқорлықпен күресейік!

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің қалыптастырылуын оқу орындарынан бастағанымыз дұрыс. Жас ұрпақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мүлдем тәзбеушілікке тәрбиелеуіміз керек. Қазір сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлерін жою үшін Қазақстан азаматтарының құқықтық санасын арттыру жүргізілуде. Өйткені олар сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімінің болмауына байланысты абайсызда сыбайлас жемқорлықтың қатысушылары болып қалады. Бүгінде мемлекеттік органдарда сенім телефондары орнатылған. Бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі туралы мақалалар жариялануда. Мемлекеттік органдардың қызметшілері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тағылымдамалар өткізілуде. Халыққа қызмет көрсету орталықтарында мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алуға болады.

Жемқорлықпен күрес қылмыспен күресудегідей барлық талаптарға сай келуі тиіс, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық бойынша қылмыс жасаған адамдарды жазалау мен шектелмеуі тиіс.

## Газдан уланудан сақтаныңыз

Газбен иістену жылыту маусымы кезінде өте жиі кездесетін жағдай болғандықтан басты мәселе болып саналады. Газ иісті және мүлдем иіссіз болып келеді. Иісті газбен уланғанын адам мүлдем сезбей қалуы мүмкін. Иісті газ ауа атмосферасына жанудың әсерінен пайда болып таралады. Ол газ және майлы пештер, ағаш, көмір пеші, газ құрылғылары, бассейндергі су жылытқыштар және двигателдерден шығатын газдар. Өрт болып жатқан жерде немесе пеш құбырларының жарылуы, бітелген түтін жолдары, бітелген құбырлар, иісті газдың тұрғын үй немесе басқа да жабық бөлмелерде иісті иісті газдың жинақталуына әкеліп соқтырады. Адамдар сол иісті газбен ластанған ауамен дем алғанда уланады. Адамның жұтып отырған ауасының құрамында 0,08% көміртегі оксиді (СО) концентрациясының 0,32% -ға көбеюі салдарынан адам сал болып қалу, естен тану жағдайларына әкеліп соқтырады. 1,2% -дан жоғары концентрацияда адам 2-3 рет ауа жұтқанның өзінде өміріне 3 минуттан кейін қауіп төнеді. Сол себепті бұл газ өте қауіпті.

**Қ.АҚБАЕВ,**  
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі.  
**Б.ӘЛИЕВ,**  
бөлім бастығы, азаматтық қорғау майоры.

## Жаңа жыл мерекесінде өрт қауіпсіздігін сақтау ережесі

Жаңа жыл мерекесі жақындаған кезде жасыл шырша да өз орнын табады. Жаңа жылды өрт сияқты оқиғалармен көңілге кірбің түсірмей, жақсы өткізу үшін жаңа жылдық іс-шараларды өткізу кезінде өрт қауіпсіздігі ережесін сақтау қажеттілігі туралы естеріңізге саламыз.

Шыршаны орнатқанда оның бөлмеден шығуға кедергі келтірмей орналасуын қадағалау қажет. Шыршаны жылу беру батареясының жанына орналастырған қауіпті. Иллюминацияны қосқан кезде бөлмедегі жарықты толықтай өшіруге болмайды.

Жаңа жылдың бенгал алауы мен әр түрлі мерекелік отшашуларсыз өтпейтіні белгілі. Жаңа жылды тойлау қарсаңында әр түрлі өрт шығу қауіпі бар пиротехникалық құралдар қолданылады, олардың салдарынан өрттің шығуы, адамдардың жарақат алуы және мертігуі әбден мүмкін.

Мұндай заттарды сатып алғанда бірнеше қағиданы естеріңізде ұстаған жөн.

**М.ӨСКЕН,**  
Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері азаматтық қорғау аға лейтенанты.  
**Бейбіт ӘЛИЕВ,**  
бөлім бастығы, азаматтық қорғау майоры.

Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да, Қазақстан Республикасының мемлекеттік

болмақ», - деген екен ежелгі ойшыл ғалым Аристотель. Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күнгі күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму

цестерін жеңуге тек тас түйін саяси механизмдер мен ауқымды жүйелі іс-шаралар нәтижесінде ғана жетуге болатынын ескере отырып, жемқорлықпен күресуге жоғары деңгейде көңіл бөледі.

## Сыбайластықпен күрес әрбір азаматтың міндеті

саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. «Кез келген мемлекеттік құрылыстағы басты нәрсе – бұл заңдар өзге де күн тәртібінің жәрдемімен істі лауазым иелері баю жолына түсіп кетпейтіндей етіп ұйымдастыру. Жалпы жұртқа ортақ пайда келуін ойластыратын мемлекеттік құрылыстар ғана әділ, дұрыс

тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны айқын. Халықаралық қоғамдастық және көптеген мемлекеттердің үкіметтері жемқорлық процестері қоғамда ауқымды материалдық, саяси және моральдық негативті факторлар туғызатынын ертеден анықтаған. Сондықтан, жемқорлық про-

Жемқорлықпен күрес әрбір азаматтың міндеті, өскелең ұрпақ пен мелекетіміздің даму жолында жемқорлықпен күресудің орны ерекше болып табылады.

**К.КУЛУМБАЕВ,**  
Созақ аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, майор.

## Жемқорлық індет-жою міндет

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Қазіргі таңдағы мәселелердің бірі — қоғамдағы сыбайлас жемқорлық. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді.

Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, турасын айтып, әділдікке

жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік дамыған мемлекеттердің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып-парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

**Бекарыс ҚОЖАХМЕТОВ,**  
Созақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының салықтық әкімшілендіру және өндіріп алу бөлімінің бас маманы.

## Ауруханаішілік инфекция дегеніміз не?

Ауруханаішілік инфекция (немесе нозокомиальды, госпитальды) – дегеніміз бұл науқастың ауруханада емделуі барысында өз сырқатынан басқа сырқатты жұқтырып алуы. Көбінесе үш тәуліктен аса мерзімде дамыса немесе ауруханадан шыққан соңғы үш тәулік бойында байқалса бұл аурухана ішілік инфекция ретінде қарастырылады. Ауруханаішілік инфекциялар бүкіл әлемдегі денсаулық сақтаудың маңызды мәселелерінің бірі болып саналады. Сонымен қатар медициналық қызметкері жұмыс істеу барысында қандайда бір жұқпалы аурумен ауырып қалуы (кәсібіне байланысты) да АИИ-ға жатады. Науқас тек ауруханада ғана емес, басқа да емдеу мекемелерінде ем алу немесе тексерілу мақсатымен баруы кезінде ауруханаішілік инфекцияны жұқтырып алуы мүмкін.

АИИ-ның берілу жолдары мен факторлары:  
-Ауа-тамшылы (аэрозольді)  
-Сулы-алиментарлы  
-Тұрмыстық-қатынастық  
-Жарақаттан кейінгі инфекция АИИ қазіргі кезде өсіп-дамуына мына факторлар әсер етеді:  
Ірі ауруханалық комплекстердің құрылуы. Аурулардың бір-бірімен күнделікті және тығыз араласуы. Инфекцияны тудырушылардың күшті және жасанды жұғу механизмінің қалыптасуы. Бұл инвазивті емдеу мен диагностикалық процедураға байланысты. Емдеу мен диагностикада стерилизацияның ерекше әдістерін қажет ететін күрделі техниканы қолдану да өз әсерін тигізуде. Инфекциялық ауру туғызушылардың жұғу механизмінің белсенділігі. Әсіресе, емдеу орындарындағы аурулар мен дәрігерлердің тығыз араласуы кезінде тұрмысты байланыс және ауа арқылы таралуы мүмкін. Стационарға әлі анықталмаған инфекциялық ауруларымен түскен адам инфекцияның негізгі көзі болып табылады. Антимикробтық препараттарды бақылаусыз қолдану, әртүрлі дәрілік заттарға, қоршаған ортаның қолайсыз факторларына бейімделген микроорганизмдердің қалыптасуына әкеліп соғуы мүмкін. Халықтың қоршаған орта өзгерістеріне, өмір сүру

шарттарына төзімділігі мен тұрақтылығының (иммунитеттің) төмендеуі де әсер етеді.

АИИ ауруларының деңгейін төмендету профилактикасы келесі жолдармен іске асады:  
-диспансерлік бақылау кезінде АИИ анықтау және тіркеу  
- әртүрлі типті стационарларда қауіпті топтарды және қауіпті факторларды анықтау  
-АИИ ауруларының эпидемиологиялық анализін жүргізу  
-медициналық жұмысшылардың спецификалық профилактикасын жүргізу. Медицина қызметкерлерін вакцинациялаудың инфекцияны алдын-алуда орны ерекше: мысалы гепатит В, қызылша, эпидемиялық паротит, қызылша, полимиелит, ішсүзегі, КВИ сияқты сырқаттарға қарсы вакцинаны медицина қызметкерлері толықтай жоспарлы түрде алу керек.

М.ӘШІРЕПИЕВ,  
Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

«Созақ үні» газетінің жұмыс Созақ ауданының Құрметті азаматы, ардагер ұстаз Жаппарқұлов Рахманға әпкесі

**Жаппарқұлқызы Ұлжанның**

қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

